

DOI 10.52260/2304-7216.2023.1(50).2
ӘОЖ 339.727.2
ҒТАМР 06.52.13

Ж.Б. Абдулла, магистрант

М.А. Кулбаева, Э.Ғ.К., доцент м.а.

А.А. Сапарова, Э.Ғ.К., доцент м.а.

А.М. Абишева*, магистрант

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: abisheva.almira@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНАН КЕЙІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Бұл мақалада тікелей шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасының дамуының негізгі капиталы ретінде қарастырылды. Мемлекет ұлттық экономиканы қолдау мақсатында барлық салаларда мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Осы тұрғыда мемлекет инвестициялық қызметке баса назар аударады. Себебі, бүтін экономиканы қаржыландыру мемлекеттік және жеке меншік субъектілер үшін мүмкін емес жағдай. Яғни, ұлттық экономика белгілі бір деңгейде сыртқы нарықтан тартылатын қаржы көздеріне тәуелді. Ол отандық экономиканы қолдау және дамыту үшін таптырмас мүмкіндік болып табылады. Сондықтан, мақаламызда ең біріншіден экономиканы дамытуда инвестициялардың рөлі, сондай-ақ елімізге тікелей шетелдік инвестициялардың ағым көлеміне әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Екіншіден, тікелей шетелдік инвестицияларды тартудың 1993-2021 жылдар аралығындағы сандық көрсеткіштер динамикасы зерттелді, сондай - ақ шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық басым бағыттар анықталды. Үшіншіден, COVID-19 жаһандық пандемиясының ортаға шығуымен байланысты инвестициялық нарықтың күрт өзгеру жағдайлары және оның Қазақстанға ағылған шетелдік инвестицияларға теріс әсерлері зерттелді. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың тәуелсіздік алған жылдан бастап, қазіргі жағдайына шолу жасау, сондай – ақ соңғы жылдары орын алған COVID-19 пандемиясының теріс салдарын анықтау және COVID-19 пандемиясынан кейінгі ахуалды зерттеу.

Зерттеуді жүргізу барысында Қазақстан Ұлттық Экономика Комитетінің Статистика агенттігінің, Қазақстанның статистикалық жылдығы, Қазақстан Ұлттық Банкінің, Дүнижүзілік банктің ашық статистикалық мәліметтер базасы пайдаланылды. Сондай-ақ, 1993-2021 жылдар аралығындағы Қазақстанның экономикалық көрсеткіштері қолданылды. Алынған мәліметтерді талдау үшін статистикалық әдістер, талдау әдістері, сонымен қатар салыстыру әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: Қазақстан экономикасы, тікелей шетелдік инвестициялар, COVID-19 пандемиясы, экономикалық жаһандану, экономикалық өсім, негізгі капитал, инвестициялар ағымы, инвестициялардың рөлі, инвестициялар құрылымы, шетелдік инвестициялар.

Ключевые слова: Экономика Казахстана, прямые иностранные инвестиции, пандемия COVID-19, экономическая глобализация, экономический рост, основной капитал, приток инвестиций, роль инвестиций, структура инвестиций, иностранные инвестиции.

Keywords: Economy of Kazakhstan, foreign direct investment, COVID-19 pandemic, economic globalization, economic growth, fixed capital, investment inflow, the role of investment, investment structure, foreign investment.

JEL classification: F 21, R11.

Кіріспе. Жаһанданған әлемдегі шетелдік инвестициялардың маңыздылығы күн сайын артып келеді және бүгінде барлық елдер, әсіресе дамушы елдер, шетелдік инвестицияларды тартуға ынталы. Себебі, дамушы елдердің экономикалық проблемаларының басында - капиталдың жетіспеушілігі тұр. Осыған байланысты экономикадағы ресурстардың жетіспеушілігі аутсорсинг қажеттілігін талап етеді және бұл қажеттілікті гранттар, несиелер және тікелей шетелдік инвестициялар арқылы қамтамасыз ету жолымен жүзеге асады [1].

Экономикалық жаһандану жағдайында дамушы мемлекеттердің өндірістік өзгерістер мен ұлттық экономиканың жылдам өрбуіне ықпал жасауда шетелдік инвестицияларды пайдалануы аса маңызды таңдау болып табылады. Тікелей шетелдік инвестицияларды қабылдаушы тарап экономиканың өсуіне технологиялар, адами капиталды арттыру және ішкі инвестицияларды ынталандыру арқылы әсер етеді және осы арқылы әлемдік нарыққа шығуды қамтамасыз етеді.

Экономикаға шетелдік инвестициялар тарту мәселесі әлемнің кез келген елінде өзекті екенін атап өту қажет. Бүгінде ел экономикасының дамуында тікелей шетелдік инвестициялардың ықпалын барлық әлем ғалымдары кеңінен мойындап отыр [2].

Қазіргі таңда Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияларды пайдалануы бойынша Орталық Азия елдері ішінде жетекші орынға ие. Қолайлы бизнес-климат пен саяси тұрақтылық, табиғи ресурстардың мол қоры Қазақстанға ТШИ-дің айтарлықтай ағылуына ықпал етті [3]. Дегенмен, Қазақстан табиғи ресурстарға бай мемлекет болғанымен, өндірістік – экономикалық даму деңгейі бастапқы сатыда. Қазіргі таңда еліміздің қаржыландырылу тапшылығы және технологиялық артта қалуы экономикамыздың ілгерілеуіне тосқауыл негізгі факторлар болып табылады. Осы себепті тікелей шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану Қазақстан экономикасының дамуының аса маңызды алғышарттарының бірі болып табылады [4].

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың тәуелсіздік алған жылдан бастап, қазіргі жағдайына шолу жасау, сондай-ақ, соңғы жылдары орын алған COVID–19 пандемиясының теріс салдарын анықтау және COVID–19 пандемиясынан кейінгі ахуалды зерттеу. Зерттеуді жүргізу барысында Қазақстан Ұлттық Экономика Комитетінің Статистика агенттігінің, Қазақстанның статистикалық жылдығы, Қазақстан Ұлттық Банкінің, Дүнижүзілік банктің ашық статистикалық мәліметтер базасы пайдаланылады. Сондай-ақ, 1993-2021 жылдар аралығындағы Қазақстанның экономикалық көрсеткіштері қолданылады. Алынған мәліметтерді талдау үшін статистикалық әдістер, талдау әдістері, сонымен қатар салыстыру әдістері қолданылады.


Әдебиеттік шолу. Ел экономикасындағы тікелей шетелдік инвестициялардың рөлі тақырыбында шетелдік және бірқатар отандық ғалымдар зерттеулер жүргізген. Оның ішінде Táncsošová, J. [5] «The role of foreign direct investment in the economy of Slovakia» мақаласындағы зерттеуіне сәйкес тікелей шетелдік инвестиция ЖІӨ-нің дамуына әсері әрбір тікелей шетелдік инвестиция бірлігі экономикалық өсуге, тиісінше ЖІӨ өсуіне ықпал ететінін көрсетеді, жұмыспен қамтуға әсер етіп, жұмыссыздықты шешуге ықпал етеді.

Kushoka, I., & Julius, D. [6] «ROLES OF FOREIGN DIRECT INVESTMENT INFLOWS ON ECONOMIC GROWTH : Roles Of Foreign Direct Investment Inflows On Economic Growth : Evidence From Tanzanian Economy» атты зерттеулерінде 1986 жылдан 2016 жылға дейінгі деректерін пайдалана отырып, Танзаниядағы ТШИ ағыны мен ЖІӨ арасында және ТШИ ағыны мен жұмыс орындарын құру арасында күшті оң корреляция бар екенін дәлелдеген.

Agyarong, D., & Bedjabeng, K. A. [7] зерттеуіне сәйкес, сыртқы қарыз мен тікелей шетелдік инвестициялардың Африка экономикаларының қаржылық дамуымен айтарлықтай оң байланысы бар екенін көрсетті.

Әлемнің көптеген елдерінде тікелей шетелдік инвестициялардың экономикаға оң әсері зерттеулер негізінде дәлелденген. Қазақстан экономикасындағы тікелей шетелдік инвестициялардың рөлі тақырыбында отандық бірқатар зерттеулер жасалған, дегенмен, COVID-19 пандемиясынан кейінгі жағдайын бағалау өзекті зерттеу болып табылады.

Негізгі бөлім. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап әртүрлі экономикалық кезеңдерді басынан кешірді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміз қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру аясында саяси белсенділік танытты. Осының нәтижесінде 1993 жылы отандық экономикаға ағылған шетелдік инвестициялар ағымы 1271 млн. АҚШ долларын құраса, 2000 жылға дейін бұл көрсеткіш 2781 млн. АҚШ долларына жетті. Яғни, тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 7 жыл ішінде 54%-ға артты. 1993 жылы Қазақстанның өз төл теңгесін шығаруы, елдегі банктік жүйе мен қаржылық жүйенің тұрақты жұмыс атқаруына ықпал етті. Жалпы 2000 жылдарға дейінгі уақыт мемлекетіміз үшін жаңа экономикалық жағдайға бейімделу кезеңі болды. Алдағы уақытта қуатты экономика құру үшін Қазақстанның ауқымды қаржыландыру көздеріне қажеттілігі туындады. Осы себепті шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасын ілгері дамытудың басты қозғаушы факторларының біріне айналды. 2001 жылдан бастап еліміздегі шетелдік инвестициялар үлесі жыл сайын тұрақты өсу қарқынына ие болды. Оны сурет 1-дегі динамикадан көре аламыз.




1-сурет. 1993-2021 жж. Қазақстанға жалпы шетелдік тікелей инвестициялар ағымы млн АҚШ долл.*

* [9] негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың ағымы 2006 жылдан бастап 2012 жылға дейін жоғары өсім деңгейін байқатқан. Бұл Қазақстанның осы кезең ішінде әлеуметтік – экономикалық дамудың жаңа кезеңге көшуін көрсетеді. Қазақстан инвестициялық тартымдылық жөнінен Азиядағы алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына кіреді. Бұл Қазақстанның саяси тұрақтылық, әлемдік интеграцияда белсенді болуы негізінде елімізге шетелдік инвестициялардың кең ағымына жол ашты. Дегенмен, мұндағы экономикадағы оң өзгерістерге әсер етуші шешуші фактор – шикізат өнімдеріне әлемдік бағаның өсуі болды. Осының нәтижесінде экономикадағы тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі алты жыл ішінде отандық экономикаға тартылған шетелдік инвестициялар көлемі 63%-ға өскен. Дегенмен, кейінгі 2014-2015 жылдар Қазақстан экономикасы үшін ауыр болды. Ұлттық валютаның девальвациясы, сыртқы саяси қақтығыстар, әлемдік мұнай бағасының күрт төмендеуі шетелдік инвестициялардың айтарлықтай қысқаруына алып келді. Соның салдарынан 2015 жылы Қазақстан экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестициялар ағымы 15367,9 млн. АҚШ долларына қысқарды. Қазақстанда барлық мемлекеттер секілді өтпелі экономикалық кезеңдерді басынан кешірді. Алайда бұл экономикалық ауыр кезеңдер ұзақ уақытқа созылмай өз шешімін тауып отырды. Соның дәлелі ретінде жоғарыдағы динамикаға назар аударар болсақ, Қазақстанның инвестициялық белсенділігі аз уақыт ішінде қайта қалпына келгендігін көруге болады. 2015 жылы орын алған әлемдік дағдарыстан кейінгі жылдар ұлттық экономика үшін тікелей шетелдік инвестициялардың тұрақты өсім жағдайына келгендігін байқап отырмыз.

2019 жыл Қазақстан және әлем елдері үшін күтпеген өзгерістер алып келді. Қаңтар айында жаһандық пандемияға айналған COVID-19 барлық дерлік мемлекеттің экономикасына теріс әсер етті. Бұл жағдай жаһандық инвестициялық белсенділіктің күрт төмендеуіне әкелді. ЮНКТАД-тың 2021 жылғы Әлемдік инвестициялар туралы баяндамасына сәйкес, 2019 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың жаһандық ағындары 35% - ға, яғни 1,5 трлн АҚШ долларынан 1 трлн. АҚШ долларына дейін қысқарған [8]. Ал Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялар ауқымы 2019 жылы 24436,9 млн. АҚШ долларына теңессе, кейінгі жылы 29%-ға дейін азайған. Сурет 2-де тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағымы ЖІӨ – дегі үлесі % - бен берілген.




2-сурет. Тікелей шетелдік инвестициялардың таза ағымы ЖІӨ-дегі үлесі %-бен*

* [9] негізінде авторлармен құрастырылған

COVID-19 пандемиясы барлық әлем мемлекеттерінің экономикасына ықпал етті. Қазақстандағы пандемиядан кейінгі экономикалық ахуал, тек 2020 жылдың екінші жартысынан бастап қайта қарқын ала бастады. Бұл мемлекеттер арасындағы қатаң шектеулерді алу, елдер арасындағы сауда – саттық және басқа да экономикалық байланыстардың қайта жандана бастауы негізінде жүзеге асты. Бұл өзгерістер тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстан ЖІӨ – дегі үлесінің артуына алып келді. Осының нәтижесінде тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстан ЖІӨ – дегі үлесі 2020 жылы өткен жылмен салыстырғанда 51% - ға артқан. Бұл соңғы жылдары инвестициялық белсенділік қайта өсу қарқынын көрсетіп отырғанын көріп отырмыз.

Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың салалар бойынша бөлінісінде тау-кен өндіру саласы шетелдік инвесторлар үшін басты тартымды салалардың бірі болып табылады, оның үлесіне шетелдік инвестициялардың жалпы ағынының 48,11%-ы тиесілі.

Осы тұста айта кететін жайт, Қазақстанға ағылған шетелдік инвестициялардың жалпы көлеміне әлемдік негізгі тауарлардың бағалары негізгі әсер етуші факторлардың бірі болып табылады. Себебі, Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап әлемдік нарықта мұнай және бидай өнімдерін экспорттаушы ел ретінде танылды. Сондықтан тікелей шетелдік инвестициялар мен әлемдік негізгі тауарларды бөлек қарастыра алмаймыз. Сурет 3-те Қазақстан экономикасы туралы Дүнижүлік банктің 2021 жылғы баяндамасы негізінде әлемдік үш негізгі энергиятасушылар, металдар және ауылшаруашылығы өнімдері көрсетілген [9].



3-сурет. Әлемдік негізгі тауарлар бағалары (АҚШ доллары)*

* [9] негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы суреттен байқап отырғанымыздай, 2019 жылы әлемдік сұраныстағы үш негізгі тауардың баға қарқынын көріп отырмыз. Ең алдымен энергиятасушы өнімдердің бағасын алар болсақ, олардың ең төмен бағасы 2020 жылы 64,4 АҚШ долларына арзандап, осы жылы ең төменгі көрсеткішті көрсеткен. Дегенмен 1 жыл ішінде олардың бағасы қайта өсіп, 2021 жылы энергиятасушы өнімдер 19,5% – ға қымбаттаған. Әлемдік негізгі тауарлар ішінде әсіресе металдарға сұраныс жоғары болғандығын көріп отырмыз. Металдар жыл сайынғы өсу қарқынын көрсете отырып 2021 жылға дейін үш жыл ішінде 37,7 % - ға артқан. Ал ауылшаруашылығы өнімдеріне келер болсақ, оларда дәл осылай тұрақты өсу қарқынын көрсеткен. Жалпы ауылшаруашылығы өнімдерінің бағасы үш жыл ішінде 25,4 % өсім байқатқан.

Жалпы еліміздің дамуының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін талдай келе, әлемдік экономикадағы жаһандық өзгерістер Қазақстан экономикасына да әсер еткенін атап өткен жөн. Энергия ресурстарына, сондай-ақ металдарға әлемдік бағаның төмендеуі шетел инвесторларының кен өндіру өнеркәсібін инвестициялауға қызығушылығын жоюда. Бір тарапынан бұл отандық экономика үшін ауқымды өзгеріс болмақ. Себебі, 20 жылдан астам уақыт бойы қазба байлықтарға бағытталған шетелдік инвестициялар басқа салалардың өсуіне алып келері анық. Бұл сөздерді кесте 1 бойынша 2010 – 2020 жж. Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялардың салалар бойынша ағымы (млн АҚШ доллары) дәлелдейді.

2010-2020 жж. Қазақстандағы тікелей шетелдік инвестициялардың салалар бойынша ағымы (млн АҚШ доллары)*

Экономикалық қызмет түрлерінің атауы	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,3	-2,3	71,5	50,2	23,5	12,8	15,5	9,2	3,6
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1858,0	3019,2	-755	2153,2	4466,3	5161,5	2132,9	2345,1	-575,3
Өңдеу өнеркәсібі	219,8	433,0	-1671,2	163,5	342,5	-132,0	865,2	509,9	1912,7
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	340,1	-1230,9	-49,8	1,6	-248,8	390,3	-39,1	77,6	150,5
Құрылыс	414,7	100,0	1180,2	1044,8	-138,2	221,3	441,9	380,2	348,7
Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	1091,5	82,8	-435,8	322,5	365,7	385,5	688,8	373,1	752,5
Көлік және қоймалау	220,2	647,6	-32,6	-397,7	-949,4	-1492,3	-1454,9	-456,6	-1216,3
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	-93,8	106,8	-68,9	-3,2	59,8	12,9	69,3	73,6	118,6
Ақпарат және байланыс	603,4	83,4	-375,6	132,0	93,9	-423,8	-131,3	134,7	248,9
Қаржы және сақтандыру қызметі	-19,9	228,3	238,3	52,0	429,8	-375,9	406,5	848,3	1407,2
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	95,6	64,5	4,3	175,9	126,4	-120,6	-17,3	-210,2	-97,2
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	5587,7	4904,6	5915,9	4,671,6	-31,0	274,0	376,7	-39,8	319,3
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	-107,7	18,7	2,3	140,9	169,2	-18,9	10,3	-28,2	53,1
Білім беру, Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет, өнер, ойын-сауықтар және демалыс	7,1	4,9	16,9	16,7	-9,0	-7,8	10,3	9,6	-7,1
Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	111,5	24,3	22,8	-22,3	17,5	1,9	-101,2	-379,7	-57,0

* [10] негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы кестеден байқап отырғанымыздай, Қазақстан экономикасына тартылған шетелдік тікелей инвестициялар құрылымында жетекші орынды кен өндіру өнеркәсібі, өңдеу өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу, құрылыс, қаржы және сақтандыру, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет салалары алады. Байқап отырғанымыздай кен өндіру саласы 2018 жылға дейін тұрақты өсу қарқынын көрсеткен. Дегенмен 2019 жылдан бастап бұл салаға бағытталған инвестициялар азайып, 2021 жылы өткен жылмен салыстырғанда -575,3 млн. АҚШ долларына қысқарған. Ал өңдеу өнеркәсібі мен қаржы және сақтандыру қызметі керісінше өсу тенденциясын көрсетіп отыр.

Айта кететін жайт, құрылыс пен кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет салалары 2013 жылдан 2016 жылға дейін тұрақты өсім болған. Дегенмен 2017 жылдан бастап азаю тенденцияларын көрсетіп отыр. Өзгеде салаларға келер болсақ тікелей шетелдік инвестициялар ағымында суретте көрсетілгендей айтарлықтай өзгеріс орын алмаған.

Тікелей шетелдік инвестициялардың экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға бөлінуін талдай отырып, салалық сәйкессіздікті көруге болады. Экономика салаларының салымдары үшін инвестициялық тартымдылық бойынша неғұрлым басым болып тау-кен өндіру өнеркәсібін атай аламыз. Қазақстанның инвестициялық кеңістігінің жоғары бірегейсіздігі оның маңызды экономикалық ерекшелігі болып табылады. Жалпы бұл ең алдымен, ірі мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындардың бір өңірде шоғырлануы негіз.

Еліміздің өңірлері бойынша инвестицияларды бөлудің әртүрлі сипаты, мемлекеттің инвестициялық процеске қатысуының әртүрлі рөлімен, Қазақстан өңірлерінің экономикалық құрылымындағы айырмашылықтардың болуымен түсіндіріледі. Қазақстан үшін негізгі инвестициялық әлеуеті өндіруші және ауыр өнеркәсібі бар салалар шоғырланған аймақтарға тән.

Қорытынды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін қарастыра отырып, әлем елдерінің экономикалық өзгерістері Қазақстанның ұлттық экономикасына елеулі әсерін тигізгенін атап өткен жөн. Қазақстан экономикасына 1993 – 2021 жылдардағы ағылған тікелей шетелдік инвестицияларды талдай келе, олардың жалпы көлемінің өсу қарқынына ие екендігін көрсетті. Алынған көрсеткіштер негізінде келесідей тұжырымдарды айта аламыз. Соңғы жылдары тікелей шетелдік инвестицияларды тартуда келесі экономикалық қызметтер басым бағыттарға айналды: пайдалы қазбаларды өндіру, өңдеу өндірісі, көтерме және бөлшек сауда, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет. Шет мемлекеттер инвесторлары үшін айрықша отандық шикізаттық ресурстары базасы тартымды. Себебі Қазақстан жаһандық нарықта мұнай өндіруші мемлекеттердің бірі саналады. Осы себепті шетелдік инвестициялар құрылымында өнеркәсіптік сала көшбасшы болып табылады. Осы тұрғыда айта кететін жайт, отандық экономикамызға тартылған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің 60% - дан көбі шикізаттық салада жүзеге асырылады. Жалпы бұл Қазақстанға ағылған шетелдік инвестициялардың аймақтық бөлінісінде сәйкессіздікке алып келеді. Яғни шикізаттық үлкен қорына ие өңірлер шетелдік инвесторлар үшін неғұрлым тартымды болып табылады. Дегенмен бұл Қазақстанның инвестициялық қызмет шеңберінің жоғары алуандығы экономикамыздың маңызды ерекшеліктерінің бірі.

COVID-19 пандемиясына дейінгі және одан кейінгі Қазақстан экономикасындағы тікелей шетелдік инвестицияларды зерттей келе, пандемиясының 2019-2020 жылдар аралығында теріс әсерлері болғанын байқадық. Дегенмен 2020 жылдың екінші жартысынан астап жағдай қайта қалыпқа түсе бастағанын жоғарыдағы статистикалық деректерден көрдік. Жалпы қорытындылай келе, Қазақстанның экономикасында жаңа нарықтық ауқымды өзгерістер үшін тікелей шетелдік инвестициялардың неғұрлым тиімді нысаны портфельді инвестициялар болып табылады. Ол шетелдік және бірлескен кәсіпорындар құруға капиталдар тартудың негізгі нысаны болмақ. Тікелей шетелдік инвестициялар көбінесе оң нәтижелер көрсетеді. Бұның басты себебі, шетелдік инвестор салынған капиталдың жоғарғы қайтарымына мүдделі, осы себепті өндірістік базаны кеңейту, тиімділікті арттыру, өндірістегі технологияларды жаңарту, өнімдердің бәсекелестік қабілеттіліктерін және сапасын жоғарылату үшін барша мүмкіндікті қолданады. Қорыта келе, Қазақстанға жоғары деңгейде шетелдік инвестициялар ағыны керек. Бұл отандық бизнестің жандануына, түптеп келгенде экономикамыздың қуатты күшке айналуын жолында оң әсер етеді, екінші жағынан халықаралық экономиканың интеграциялануына көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ganiyeva S. Türk ve kazak hukukunda yabancı yatırımlarin teşviki // Dokuz Eylül Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi. – 2019. – Т. 21. – №. 1. – С. 83-137.
2. Акбергенова Д.А. Основные тенденции в области привлечения прямых иностранных инвестиций в республике Казахстан // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Международные отношения. – 2008. – №. 1. – С. 96-109.
3. Мадиярова Д.М., Рыспекова М.О. Инновационное и предпринимательское развитие национальной экономики в условиях глобализации. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2018. – 276 с.
4. Макаренко А.С., Чжан Ю. Эмпирический анализ динамической взаимосвязи между прямыми иностранными инвестициями и экономическим ростом Казахстана // Kazakhstan Science Journal. – 2020. – Т. 3. – №. 2. – С. 13-23.
5. Táncosová J. The role of foreign direct investment in the economy of Slovakia // Entrepreneurship and Sustainability Issues. – 2019. – Т. 6. – №. 4. – 2127 p.
6. Kushoka I., Julius D. Roles Of Foreign Direct Investment Inflows On Economic Growth : Evidence From Tanzanian Economy // Research journal's Journal of Economics. – 2020. – № February. – P. 1-23.
7. Agyapong D., Bedjabeng K.A. External debt stock, foreign direct investment and financial development. Journal of Asian Business and Economic Studies. – 2019. – № 27 (1) . – P. 81-98. – URL: <https://doi.org/10.1108/jabes-11-2018-0087>.

8. World Investment Report 2021 – UNCTAD. [Электронды ресурс]. – 2021. – URL: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2021_en.pdf.
9. Доклад об экономике Казахстана, лето 2021: Переломный момент кризиса COVID-19. World bank group. [Электронды ресурс]. – 2021. – URL: <https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/890971624952007527/turning-the-tide-on-the-covid-19-crisis>.
10. Қазақстан Ұлттық Банкі. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар. [Электронды ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/pryamyie-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya>.

REFERENCES

1. Ganiyeva S. Türk ve kazak hukukunda yabancı yatırımların teşviki //Dokuz Eylül Üniversitesi Hukuk Fakültesi Dergisi. – 2019. – Т. 21. – №. 1. – S. 83-137 [in Turkish].
2. Akbergenova D.A. Osnovnye tendencii v oblasti privilecheniya pryamyh inostrannyh investitsiy v respublike Kazahstan // Vestnik Rossijskogo universiteta družby narodov. Seriya: Mezhdunarodnye otnosheniya. – 2008. – №. 1. – S. 96-109 [in Russian].
3. Madiyarova D.M., Ryspekova M.O. Innovacionnoe i predprinimatel'skoe razvitie nacional'noj ekonomiki v usloviyah globalizacii. – Astana: Evrazijskij nacional'nyj universitet im. L.N.Gumileva, 2018. – 276 s [in Russian].
4. Makarenko A.S., CHzhan Y.U. Empiricheskiy analiz dinamicheskoy vzaimosvyazi mezhdru pryamymi inostrannymi investitsiyami i ekonomicheskim rostom Kazahstana // Kazakhstan Science Journal. – 2020. – Т. 3. – №. 2. – S. 13-23 [in Russian].
5. Táncošová J. The role of foreign direct investment in the economy of Slovakia // Entrepreneurship and Sustainability Issues. – 2019. – Т. 6. – №. 4. – 2127 p.
6. Kushoka I., Julius D. Roles Of Foreign Direct Investment Inflows On Economic Growth : Evidence From Tanzanian Economy // Research journal's Journal of Economics. – 2020. – № February. – P. 1-23.
7. Agyapong D., Bedjabeng K. A. External debt stock, foreign direct investment and financial development. Journal of Asian Business and Economic Studies. – 2019. – № 27 (1). – P. 81-98. – URL: <https://doi.org/10.1108/jabes-11-2018-0087> .
8. World Investment Report 2021 – UNCTAD. [Elektronny resurs]. – 2019. – URL: https://unctad.org/system/files/official-document/wir2021_en.pdf.
9. Doklad ob ekonomike Kazahstana, leto 2021: Perelomnyj moment krizisa COVID-19. World bank group. [Elektronny resurs]. – 2021. – URL: <https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/890971624952007527/turning-the-tide-on-the-covid-19-crisis> [in Russian].
10. Kazakstan Ul'tyq Banki. Salym bagyty bojnynsha tikelej investiciyalar. [Elektronny resurs]. – 2022. – URL: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/pryamyie-investicii-po-napravleniyu-vlozheniya> [in Kazakh].

Абдулла Ж.Б., Кулбаева М.А., Сапарова А.А., Абишева А.М.

РОЛЬ ПРЯМЫХ ИНОСТРАННЫХ ИНВЕСТИЦИЙ В ЭКОНОМИКЕ КАЗАХСТАНА И ЕЕ СОСТОЯНИЕ ПОСЛЕ ПАНДЕМИИ COVID-19

Аннотация

В данной статье прямые иностранные инвестиции были рассмотрены как основной капитал для развития экономики Казахстана. Государство осуществляет государственную политику во всех сферах в целях поддержки национальной экономики. В этом контексте государство делает акцент на инвестиционной деятельности. Это связано с тем, что финансирование всей экономики — невозможная ситуация для государства и частных лиц. То есть национальная экономика на определенном уровне зависит от финансовых источников с внешнего рынка. Это незаменимая возможность для поддержки и развития отечественной экономики. Поэтому, в нашей статье в первую очередь была определена роль инвестиций в развитии экономики, а также основные факторы, влияющие на приток прямых иностранных инвестиций в нашу страну. Во-вторых, изучена динамика количественных показателей привлечения прямых иностранных инвестиций за период 1993-2021 гг., а также определены приоритетные направления инвестирования для иностранных инвесторов. В-третьих, были изучены условия резких изменений на инвестиционном рынке, связанных со вспышкой глобальной пандемии COVID-19 и ее негативным влиянием на приток иностранных инвестиций в Казахстан. Целью исследования является рассмотрение текущего состояния прямых иностранных инвестиций

в экономику Казахстана с года независимости, а также определение негативных последствий пандемии COVID-19, произошедшей в последние годы, и изучение ситуации после COVID-19.

В ходе исследования использовались открытые статистические базы данных Агентства по статистике Комитета национальной экономики Казахстана, Статистического ежегодника Казахстана, Национального банка Казахстана, Всемирного банка. Также использовались экономические показатели Казахстана за период 1993-2021 гг. Для анализа полученных данных использовались статистические методы, методы анализа, а также методы сравнения.

Abdulla Zh., Kulbayeva M., Saparova A., Abisheva A.

**THE ROLE OF FOREIGN DIRECT INVESTMENT IN THE ECONOMY
OF KAZAKHSTAN ECONOMY AND ITS SITUATION AFTER THE COVID-19 PANDEMIC**

Annotation

In this article, foreign direct investment was considered as the main capital for the development of the economy of Kazakhstan. The state implements state policy in all areas in order to support the national economy. In this context, the state focuses on investment activities. This is due to the fact that financing the entire economy is an impossible situation for the state and individuals. That is, the national economy at a certain level depends on financial sources from the external market. This is an indispensable opportunity to support and develop the domestic economy. Therefore, in our article, first of all, the role of investments in the development of the economy, as well as the main factors affecting the inflow of foreign direct investment into our country, was determined. Secondly, the dynamics of quantitative indicators of attracting foreign direct investment for the period 1993-2021 has been studied, and priority areas for investment for foreign investors have been identified. Thirdly, the conditions of sharp changes in the investment market associated with the outbreak of the global COVID-19 pandemic and its negative impact on the inflow of foreign investment in Kazakhstan were studied. The purpose of the study is to review the current state of foreign direct investment in the economy of Kazakhstan since the year of independence, as well as to determine the negative consequences of the COVID-19 pandemic that has occurred in recent years, and to study the situation after COVID-19.

The study used open statistical databases of the Agency on Statistics of the Committee of the National Economy of Kazakhstan, the Statistical Yearbook of Kazakhstan, the National Bank of Kazakhstan, the World Bank. The economic indicators of Kazakhstan for the period 1993-2021 were also used. Statistical methods, analysis methods, as well as comparison methods were used to analyze the obtained data.

